

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" Коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы" 2014 жылғы 14 шілдедегі № 3/589 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 2/264 қаулысы. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 мамырда № 1160 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 1/46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 30.01.2023 № 1/46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" "Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы" 2014 жылғы 14 шілдедегі № 3/589 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1071 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2014 жылды 17 шілдеде жарияланған) (бұдан әрі - қаулы) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) Алматы қаласының әділет органдарына өзінің Құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер туралы хабарласын;

2) осы қаулыны интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Б. Сауранбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

A. Есімов

Алматы қаласы әкімдігінің

"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына, Алматы қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуга құқығы бар.

6."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген аудан әкімінің актілерімен ресімделетін шешімдер және өкімдер қабылдайды.

7."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңды мекенжайы: 050067, Алматы қаласы, Таусамалы шағынауданы, Рысқұлов көшесі, 129.

9.Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение "Аппарат акима Наурызбайского района города Алматы".

10. Осы Ереже "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы - ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп белгіленген.

14. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 38 баптарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Жарлығымен белгіленген:

1) Қазақстан Республикасы Зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметінің актілерін, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың

нормативтік құқықтық актілерін аудан аумағында орналасқан кәсіпорындардың, үйымдардың, мекемелердің және азаматтардың оларды орындауын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік қызметшілердің және "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлімдері қызметтерінің тиімділігін бағалау;

3) аудан әкімі белгілеген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің фукциялары Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-2 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 38 бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 8 бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" № 898 Жарлығына сәйкес белгіленген:

1) Наурызбай ауданының әкімі мен аппаратының қызметін ақпараттық-талдау, үйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) аудан аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

3) Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің тапсырмасы бойынша аудан әкімі мен аппаратының мұдделерін сотта қорғау, прокурорлық назар аудару актісін қарau;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету:

споршыларға спортық разрядтар беру: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы;

біліктілік санаттарын беру: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі; азаматтардың хал актілерін тіркеу және туу туралы қуәлік беру кезінде жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру.

5)"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс құжаттамаларын үйымдастыру және жүргізу, оның ішінде құпия, арнайы байланыс бойынша, хат-хабарларды өндөу, құпиялышық

режимін, "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының ішкі нысандар ережесін нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік органның қызмет бағыты бойынша оның жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік тіл мен барлық басқа тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдайлар жасау;

8) аудан әкімінде, оның орынбасарларында, "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аппарат басшысындағы кеңестерді ұйымдастыру, кеңес материалдарын, хаттамаларын ресімдеу және тарату;

9) аудан әкімінің, оның орынбасарларының, "Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының тапсырмалары бойынша аудан әкімі шешімдері мен өкімдерінің жобаларын әзірлеу, оларды тарату және сақтау;

10) аудан әкімінің және оның орынбасарларының актілері мен тапсырмаларының, аудан әкімі мәжілістерінің хаттамалық тапсырмаларының орындалуын бақылау, осы мәселелер бойынша аудан әкіміне мәлімет беру;

11) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау;

12) азаматтар мен занды тұлға өкілдерін қабылауды ұйымдастыру;

13) салық және бюджетке төленетін өзге де төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

14) өз құзыретінің шегінде әскери міндеттілі және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, сондай-ақ, азаматтық қорғаныс саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

15) тарихи және мәдени мұраларды сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

16) жалғызлікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

17) қылмыстық-атқару инспекцияның сынақ қызметіндегі есепте тұрған тұлғаларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге қатысу және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;

18) әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу;

19) Алматы қаласы Наурызбай ауданының аумағында көріктендіру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру;

20) жергілдікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жұмыстарын жүргізу;

21)Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің қызметін бұқаралық ақпарат күралдарында жарықтандыру;

22)кәсіби емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;

23)кадр құрамына зерттеу жүргізу, ұсыныс әзірлеу және енгізу;

24)"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кадрларының оқуын және қайта даярлығын ұйымдастыру;

25)гендерлік аспектілерді қарau;

26)Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер өндірісін жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

16.Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің құзыреті шегінде:

1)"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен, оның ішінде арнайы байланыс және деректерді беру жүйесін пайдаланып, құпия және қызметтік жазбаларды жүргізуге;

2)өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бақылау және үйлестіруді жүзеге асыруға;

3)заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпараттар мен материалдарды алуға;

4)жоғары тұрған органдарға жұмыспен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізуға;

5)"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімгері болып табылатын бюджеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдастық жиналышының талқылауына Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет құрамында көзделген бағыттар бойынша жергілікті маңызы бар мәселелерді қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізуға;

6)Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 56-бабында белгіленген тәртіpte сотқа талап арызben жүгінуге;

7)өзіне берілген мұлікті басқаруға;

8)заңнамада көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқы бар.

3. "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысы жүзеге асырады.

18. Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметінен босатады.

19. Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысы:

1)Алматы қаласының әкімдігіне "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекітуге ұсынады , Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі орынбасарларының арасында міндеттерді білу, "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штаттық саны бойынша ұсыныстар, оған бекітілген штаттық санының шегінде өзгерістер енгізеді;

2)"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды;

3)Наурызбай ауданының әкімі қабылдаған шешімдер мен өкімдердің орындалуы мен сақталуын, оның тапсырмаларының орыдалуын, құжаттардың етуін бақылау жұмыстарын үйлестіреді;

4)аудан әкіміне қол қою және қарау үшін аудан әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын және аудан әкіміне жолданған басқа да құжаттар мен материалдарды ұсынады;

5)ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

6) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

7) бөлінген еңбекақы төлеу қорының шегінде "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстемдіктер, қосымша ақылар және көтермелебелер мен тәртіптік жаза қолдану мәселесі жөнінде заңнамада белгіленген тәртіпте ұсыныс енгізеді.

8) "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлімдерінің қызметіне жалпы басшылық жасайды және қызметін үйлестіреді;

9) Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдардың Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі қабылдаған актілердің орындалуына қатысты келіспеушіліктерді қарау жөніндегі мәжілістерді шақырады;

10)сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолдануға жеке жауапкершілікте болады;

11)осы Ережеде көрсетілген, сондай-ақ Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі оған жүктеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

20."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22.Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату

23."Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.